

**Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан
терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы
философия докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертациялық зерттеуіне**

ПІКІР

Ұсынылып отырған ғылыми еңбек қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірінен саналатын будан (гибрид) құбылысын зерттеуге арналған. Жұмыста будан терминдер мен олардың жасалу жолдары, қолданылу аясы, сондай-ақ ұлттық терминологиядағы орны жан-жақты қарастырылған. Ғылыми зерттеу мазмұны құрылымдық және мазмұндық жағынан бірізділікке құрылған, әр тарау нақты мәселеге арналған және тараулар соңында түйіндеме берілгені құптарлық.

«Тілдегі будан құбылысын зерттеудің теориялық негіздері» атты тарауда автор будан құбылысының тіл білімінде зерттелу деңгейіне шолу жасап, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларына назар аударған. Терминдердің құрамы мен типологиясын нақтылау барысында салыстырмалы талдауға негізделген ұстанымдар орынды қолданылған. Теориялық база жеткілікті әрі ғылыми тұжырымдар логикалық түрде негізделген.

Зерттеудің екінші тарауы «Қазақ тіліндегі будан терминдердің жасалу жолдары» деп аталады. Онда автор синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдер арқылы жасалған будан терминдерді жіктеп, нақты мысалдар келтірген. Мысалдар тіліміздегі қазіргі терминжасам үрдістерін жақсы көрсетеді. Бұл тараудың ерекшелігі қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сай терминжасамның мүмкіндіктерін нақты көрсетуінде деуімізге болады.

Үшінші тарауда будан терминдердің қолданылуы және ұлттық терминологиядағы орны қарастырылған. Зерттеу жұмысының бұл бөлімі практикалық бағытқа негізделген. Ғылыми мәтіндер мен медиакеңістіктегі будан терминдердің қызметі талданған. Сонымен қатар, будан терминдердің

қолданысындағы олқылықтардың көрсетіліп, нақты ұсыныстардың берілуі жұмыстың құндылығын арттырған.

Жалпы алғанда, ұсынылған диссертациялық жұмыс қазіргі қазақ тіл білімінің маңызды мәселелерінің біріне арналған, ғылыми жаңалығы бар, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан тиянақты орындалған еңбек. Зерттеуді өзектілігімен, теориялық негізділігімен және практикалық маңыздылығымен құнды деуімізге болады. Зерттеуші жұмыстың барлық мақсат-міндеттерін толық орындап, қорытындыларын дәйекті түрде негіздеген. Аталмыш еңбек қазақ тіл біліміндегі будан құбылысын тереңірек тануға жол ашып, болашақта қазақ терминологиясын жетілдіруге, әсіресе гибрид терминдерді біріздендіру мен жүйелеуге үлес қоса алады деп ойлаймыз.

Пікір беруші:

«Торайғыров университеті» КеАҚ

Филология және журналистика

кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.



Кадырова Б.М.

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
_____	қолын растаймын
подпись <i>Кадырова Б.М.</i>	заверяю
HR-қызметі _____	
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университеті»	